



Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы XX сессиясының № 189 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 4585 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1), 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары;

2) осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қаражал қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XX сессияның төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Б. Абжанов

З. Оспанова

Қаражал қалалық мәслихатының
2017 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 189 шешіміне
1 қосымша

Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 362 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,64
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,05
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,83
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,75

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,30
6	Емханалар	1 келіп кету	0,0062
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,20
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,25
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,21
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,420
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,0043
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,08
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	1,250
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1м ²	0,320
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,46
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,4
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,38
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,8
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,38
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,74
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,47
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,55
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,3
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,35
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,37
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,4
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,15
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,37
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,71
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,004
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,73

Ескерту: м² - шаршы метр.

Қаражал қалалық мәслихатының
2017 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 189 шешіміне
2 қосымша

Қаражал қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 362 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№ р/р	Атауы	Есептік бірлік	1 м ³ тарифі (ҚҚС) (теңге)	Қызметтер құны, теңге
1.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф			
1.1	Жеке тұлғалар	1 тұрғын/айына	1355,6	185,3
1.2	Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілері	1м ³	1355,6	1355,6
2.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкетуге арналған тариф			
2.1	Жеке тұлғалар	1 тұрғын/айына	1035,7	141,5
2.2	Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілері	1м ³	1035,7	1035,7
3.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көмуге арналған тариф			
3.1	Жеке тұлғалар	1м ³	319,9	319,9
3.2	Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілері	1м ³	319,9	319,9
4.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратуға арналған тариф	1м ³	0	0
5.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тариф	1м ³	0	0

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;
м³ - текше метр.